ҚТЖ-КАРАНТИН ЖАҒДАЙЫНДА: ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒУ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ? 3-бет

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№38 (2546) 26/05/2020 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Серик АБДЕНОВ,

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ ПО КОРПОРАТИВНЫМ ВОПРОСАМ И HR АО «НК «ҚТЖ»:

«ЗАПУЩЕННАЯ В АВГУСТЕ 2019 ГОДА ПРОГРАММА «ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ» ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ИНСТРУМЕНТОВ РЕАЛИЗАЦИИ СТРАТЕГИИ И ЕЕ ЦЕЛЕЙ И НАПРАВЛЕНА НА ПОВЫШЕНИЕ ОПЕРАЦИОННОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ, ПОВЫШЕНИЕ СТОИМОСТИ И ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ НАШЕЙ КОМПАНИИ»

ЦИФРЛЫ ТЕМІРЖОЛ

МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Ұлттық компанияның маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі – цифрлық трансформация. Соның шеңберінде үдерістерді автоматтандыру үшін заманауи инновациялық тетіктер енгізіледі.

Цифрлық трансформация шеңберінде жүзеге асырылған жобалар Компанияның нарықтағы орынын ұстап тұруға және оның табыстылық деңгейін қамтамасыз етуге көмектеседі. Мәселен, АСУ ДКР бойынша республикаішілік қатынаста тасымал құжаттарын рәсімдеудің қағазсыз технологияларының арқасында электронды тасымал құжаттарын орташа тәулікті рәсімдеу пайызы қауіпті жүктерді қоспағандағы тасымал құжаттарының жалпы санынан 94%-дан асты, бұл дегеніміз 10 мыңнан астам келісімшартты құрайды. Мұның ТМД бойынша баламасы жоқ.

Пойыздар қозғалысын басқару орталығын құру аясында 84 бөлек пункттерге микропроцессорлық диспетчерлік орталықтандыру жүйесі енгізілді, 57 желілік-аппараттық залдарда байланыс құралдары жаңғыртылды, сонымен қатар жылжымалы құрамды бақылауға, барлық сигнализация және байланыс дистанциялары бойынша техникалық құжаттама жүргізуге автоматтандырылған жүйе енгізілді.

Биылғы жылдың ең маңызды жобасы Ақтөбе қаласында Батыс өңірлері инфрақұрылымы мен пойыздар қозғалысын басқару Орталығын құру болып табылады. Ол Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Орал және Қызылорда жол бөлімшелерінің диспетчерлік орталықтарын біріктіреді. Пилотты жобаны жүзеге асыру нәтижесінде барлық өңірлерді қамти отырып пойыздар қозғалысын басқару орталығының 3-5 баламасын құру тиімділігі қарастырылмақ.

Жол шаруашылығы саласында да заманауи технологиялар енгізілуде. Пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында былтыр мамыр айында 3 жаңа мобильді диагностикалық кешен іске қосылды. Сол кешендер арқылы 2019 жылы 94 мың км-ден астам жол диагностикалық тексеруден өткізіліп, рельстердің әлеуетті сыну жағдайындағы 355 жері анықталды.

Биыл наурыз айында тағы 3 МДК енгізілді. Барлық осы 6 мобильді диагностикалық кешен нақты бір телімдерге бекітілген және солармен кешенді инфрақұрылымдық диагностика жүргізілуде. 2020 жылдың бірінші тоқсаны бойынша шамамен 41 мың км жол диагностикалық тексеруге алынып, рельстердің әлеуетті сыну жағдайындағы 199 нүктесін анықтау мүмкін болды.

Нұрсая НҰРЛАНҚЫЗЫ

ТҰСАУКЕСЕР

«ЖҮЗ ЖАС ЕСІМ»: МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ЖОБАСЫ

Кеше «Қазақстан темір жолы» компаниясының «ҚТЖ 100 жас есім» жас мамандарды дамытудың 3 жылдық бағдарламасымен бірінші модульдік оқытудың ашылуы онлайн форматта өтті. Жалпы осы бағдарлама аясында биыл барлығы 4 модульдік оқыту жоспарланған. Былтыр жылдың аяғында Қазақстан темір жолында қызмет ететін белсенді де қабілетті жастар арасынан іріктелген «Жүз жас есім» иегерлері алдағы үш жылда аталған бағдарлама шеңберінде оқытылатын болады.

Райхан РАХМЕТОВА

Онлайн модульдік оқыту ашылуына осы 100 жас темір жолшы түгел және компания басқарма төрағасының корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Серік Әбденов, компанияның адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Тамила Микулич, осы департаментінің HR бизнес-әріптесі Ақмарал Байғабыловалар қатысты.

Серік Әбденовтің айтуынша, бұл шараны наурыз айында Алматы қаласында өткізу жоспарланған. Алайда елде жарияланған төтенше жағдайға байланысты оқыту шарасы кейінге қалдырылыпты. Міне, енді онлайн форматта алғашқы модульдік оқытуды ашқан ол жастарға алдымен компанияның қазіргі таңда басымдық беретін бағыттарын айтып берді.

– Біз үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайын жасау аса маңызды. Сондықтан өндірістік қауіпсіздік пен еңбек қорғау деңгейін арттыру үшін Басқарма төрағасының шешімімен «Қауіпсіздіктің іс әрекет диалогы», «Қауіпті тоқтат!», «Салдары жоқ оқиғалар» атты бағдарламалар іске қосылды. Соған қоса жұмысшыларды қауіпсіздік бағдарламалары бойынша белсенді оқыту қолға алынды. Былтыр 300 адам оқытылса, биыл 89 мың теміржолшыны оқыту көзделуде. Жыл басынан бері 67800 адам оқытылып болды, – деді Серік Әбденов.

Ал адами ресурстарды басқару департаментінің басшысы Тамила Микулич «ҚТЖ 100 жас есім» даму бағдарламасының таныстырылымын өткізді. Ол бағдарлама мақсаты – компанияның нақты белгіленген осы жас қызметкерлерін үлгі ете отырып, компанияда мінез-құлық идеясы мен кәсібилік және белсенді бейілділікті дамыту екенін жеткізді. Осы бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде компанияда болашақ басқарушылардың резерві қалыптастырылып, компанияны трансформациялауды жүргізу үшін өзгерістер тетіктерін анықтау, компания мәдениеті мен нормалары, құндылықтары мен саясаты және стратегиясын трансляциялайтын жетекші мамандарды дайындау, жастардың табыстылығы арқылы компанияның имиджін көтеруге қол жеткізілмек.

ҚТЖ сынды алып компанияның үміті мен болашағы деп іріктелген жастар сан қырлы. Олардың қатарында, атап айтқанда ерекше қажыр-қайраты, білімі мен білігі, жаңашыл жобалары, өздерін өздері дамытудағы белсенді іс-әрекеті, қайырымдылық жобасы мен еріктілер ісін дамытудағы бастамаларымен көпке үлгі болған жастар жетерлік. Соның ішінде қызылордалық Айдана Нұрмашқызы мен Еркебұлан Аяғановты, көкшетаулық Юлия Тё мен Аңсар Сансызбайды, Шымкенттен Ердос Ерланұлы, Серік Тлеумбетовті, Рахымжан Нұрмұрзаев пен Ақберен Әбдірахмановты, оралдық Дәуренбек Ишимовты, алматылық Диас Байғонысовты, атыраулық Артур Абдировты, ақтөбелік Руслан Жұмағалиевті, атбасарлық Әсем Куласбаеваны, екібастұздық Ержан Келдібаевты, сонымен қатар елордалық Ержан Жаналиев пен Кәмшат Тиштықбаеваны ереше атай кеткен жөн.

Адами ресурстарды басқару департаментінің HR бизнес-әріптесі Ақмарал Байғабылова «ҚТЖ 2020 қайырымды іс» бағдарламасы бойынша теміржол жастарының өткен 5 ай ішінде атқарған игі істеріне тоқталды.

Жылдың басынан бері ерікті теміржолшылар аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету бойынша 474 қайырымдылық шара, 122 экологиялық бағыттағы акциялар, төтенше жағдай кезіндегі 83 қайырымды іс, жасы ұлғайған адамдарға қатысты 1233 көмек, балаларға 78 көмек, әлеуметтік бағдарлама аясында 15 шара, донорлық бойынша 25 қайырымды іске қатысқан екен.

Бүгінгі шара – «ҚТЖ 100 жас есім» жас мамандарды дамыту бағдарламасы бойынша бірінші модульдік оқытудың ашылу рәсімі. Ал оқытудың өзі 25-29 мамыр аралығында өтеді.

НОВОСТИ

ВОЕННЫМ – ЗЕЛЕНЫЙ СВЕТ

Министерство обороны Казахстана и АО «НК «ҚТЖ» впервые сформировали специальные воинские поезда.

В Казахстане со всеми предосторожностями организовали увольнение в запас военнослужащих-срочников.

На специальных поездах срочники, окончившие службу в армии, добираются до своих населенных пунктов.

При перевозке солдат сопровождают военные врачи, проводится регулярная дезинфекция вагонов, требуется ношение медицинских масок. На станциях следования поезда проверяют сотрудники военной комендатуры совместно с военной полицией.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

НЕТЕРПИМОСТЬ К КОРРУПЦИИ

Противодействие коррупции в сфере грузовых железнодорожных перевозок является важнейшим направлением в деятельности АО «НК «ҚТЖ». Об этом говорилось в ходе прямой трансляции на странице Facebook Агентства по противодействию коррупции.

– Нами утвержден антикоррупционный стандарт. Он размещен на корпоративном веб-сайте, где есть вся подробная информация о нашей деятельности. Кроме того, была создана комиссия по вопросам противодействия коррупции. Министерство индустрии и инфраструктурного развития РК совместно с проектным офисом «Адал жол» также проводят необходимую работу. В частности, было создано сообщество предпринимателей и сотрудников. Мы начали принимать сотрудников на работу на основе конкурсной комиссии. Во всех видных местах вы можете увидеть таблички, надписи о противодействии коррупции. Таким образом, мы призываем своих сотрудников, население быть честными и не допускать фактов коррупции. В каждом областном центре, в участках, от кабинетов начальников до кабинетов рабочих размещены специальные памятки, предупреждения об ответственности за факты коррупции, – рассказал заместитель генерального директора по маркетингу и планированию АО «НК «ҚТЖ» Мухтар Махамбет.

По его словам, особое внимание уделено выявлению и устранению причин и условий коррупционных правонарушений при осуществлении железнодорожных перевозок. В частности, на всех станциях Уральского отделения ГП вывешены номера телефонов доверия, по которым отправители и получатели грузов могут обратиться в случае неправомерных действий железнодорожников. Также перед отправлением груза проверяются накладные бумаги.

– Мы стараемся создать все удобства как грузоперевозчикам, так и тем, кто принимает эти грузы. Ежедневно у нас работает колл-центр. Мы прорабатываем каждый вопрос и стараемся дать полноценный ответ. Теперь наша цель – автоматизировать все процессы, потому что так удобнее работать, – рассказал спикер.

Подводя итоги, Мухтар Махамбет также отметил, что с первого июня поезда снова возобновят работу, поэтому все меры предосторожности будут приняты.

Айлин БАУРЖАН

АКТУАЛЬНО

В ПОЛКУ ҚТЖ ПРИБЫЛО

АО «НК «ҚТЖ» консолидировало 100% акций крупнейшего оператора логистических терминалов в Казахстане. Так, группа компаний АО «НК «ҚТЖ» завершила процесс выкупа АО «Кедентранссервис».

В рамках договора купли-продажи в Амстердаме 22 мая 2020 года зарегистрирована сделка по приобретению АО «НК «ҚТЖ» 50% акций компании «Logistic System Management B.V.», ранее принадлежавших ПАО «ТрансКонтейнер».

Компания «Logistic System Management B.V.» (зарегистрирована в г. Амстердам) является единственным акционером АО «Кедентранссервис».

Таким образом, АО «НК «ҚТЖ» установило полный контроль над деятельностью компании.

С момента подписания договора купли-продажи приняты все необходимые корпоративные решения, получены разрешения и произведена оплата установленной стоимости 50% акций компании «Logistic System Management B.V.».

Отметим, в ноябре прошлого года между АО «НК «ҚТЖ» и ПАО «ТрансКонтейнер» был заключен договор купли-продажи 50% акций компании «Logistic System Management B.V.».

АО «Кедентранссервис» – ведущий оператор логистических терминалов в Республике Казахстан, который присутствует на рынке транспортно-логистических услуг, обладает активами и компетенциями в области терминальной обработки грузов, а также осуществляет услуги по перегрузу ввозимых из КНР грузов на пограничных станциях Достык и Алтынколь. Терминалы компании расположены практически во всех регионах и крупных городах Казахстана.

Асель ШАЙХЫНОВА
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЦИФРА НОМЕРА

В АПРЕЛЕ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» ПОГРУЖЕНО СВЫШЕ

20 млн тонн

ГРУЗА

ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚУАТТЫЛЫҒЫ АРТТЫРЫЛУДА

Шекарадағы халықаралық өткел - Достық станциясының қуаттылық күші арттырылуда. Еуропа-Азия бағытында жүк өткізілетін станцияны кеңейту және жаңғырту бойынша жоба жүзеге асырылып жатыр.

Жоба аясында ұзынқұрамды пойыздарды өткізу үшін «Т» шекара паркіндегі 4 жүк қабылдап -жөнелту жолын ұзарту бойынша жұмыстар жасалмақ. Бұл пойыздарды қабылдап-жөнелту жұмыстарына кететін уақытты біршама қысқартады. Қазіргі таңда жер төсемін төсеу жұмыстары жүргізілуде. Телімнің өткізгіштік қабілетін арттыру үшін Достық-19 бекет аралығындағы телімде екінші жол және №19 бекетте қосымша жүк қабылдап-жөнелту жолдары салынбақ.

Станцияны кезең-кезеңімен дамыту жоспарына сай «Г» паркінде қосымша төрт жүк қабылдап, жөнелту жолдарын салу қарастырылған, бұл Достық-Ақтоғай телімі бағытында пойыздарды қабылдап-жөнелтуге және жаңа ЭЦ пост құрылысын жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар мен теміржолшылар үшін станцияның орталық жөнелту және қабылдап алу бағытындағы «В» паркі арқылы жолаушылар көпірін салу көзделуде. Достық станциясының болашақта осылай дамуы жұмыстың қауіпсіздігі мен сенімділігін арттырып, жүк айналымының ұлғаюына септік етеді.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

ҚОСЫМША ТАБЫС ТАБУ НӘТИЖЕСІЗ ЕМЕС

«Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС - Ақтөбе мен Орал бөлімшелері арасындағы барлық станция мен разъездерді, бюджеттік ұйым, тұрғын үй және басқа да кәсіпорындарды ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр. Президент тапсырмасына сәйкес халыққа әлеуметтік қолдау көрсетіп, төтенше жағдай кезінде айтарлықтай көлемде тарифті төмендеткен мекемелердің бірі – осы теміржолсулықтар.

Тарифі төмендеген кәсіпорынның бүгінгі жағдайы туралы «Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС директоры Әзберген Тәнімовтен білген едік. Оның айтуынша, кәсіпорын тарифті төмендеткенмен, қосымша табыс табудың түрлі жолдарын қарастыруда екен. Кәсіпорын қиын-қыстау кезде тығырықтан шығудың барлық мүмкіндіктерін ойластыруда. Қазіргі уақытта мекеменің алдына қойып отырған негізгі міндет – халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етумен қатар қосымша табыс көзін табу арқылы кіріс кіргізу. Сондықтан, қызметкерлер жалақысын уақытында төлеу, мекемені қажетті материалдармен қамтамасыз ету үшін тендерлерге қатысып, бюджеттен төтенше жағдайға байланысты тапсырыстар алуда.

Елдегі төтенше жағдайға байланысты мұнда да бірқатар шаралар қолға алынған. Ауыз суды пайдалануға қатысты кәсіпорында санитарлық және дезинфекциялық шаралар күшейтілді. Қызметкерлердің барлығы қорғаныш құралдары, медициналық бетперде, қолғап және антисептиктермен қамтамасыз етілген. Санитарлық норма талаптарына сай қызметкерлер мүмкіндігінше қашықтан жұмыс жасау тәртібіне көшті. Қызметкерлер мен ардагерлерге әлеуметтік көмек те қарастырылған. Әкімшілік ғимараттағы және желідегі мамандардың бір бөлігі қашықтықтан жұмыс жасау тәсіліне көшкенмен апаттық жағдайда қызмет көрсететіндер мен кезекшілер және әкімшілік ғимараттағы мамандар қызметінің негізгі жұмыс тәртібі сақталған. Ал жалпы мекемедегі 154 қызметкер жалақысын толық алып отыр екен.

«Біз тек теміржол мекемелерін ғана емес, жеке халықты да ауыз сумен қамтамасыз етіп отырмыз. Пандемияға байланысты антимонополиялық мекемемен бірге жұмыс жасап, судың сатып алу құнын карантин біткенше 20 пайызға түсірдік. Негізгі мақсат – халыққа ауыртпалық түсірмеу. Сонымен қатар, кәсіподақ тарапынан мекеме ардагерлері мен жазғызбасты отбасыларға материалдық көмек көрсетіліп жатыр», - дейді «Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС директоры Әзберген Тәнімов.

«Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС – суды үздіксіз беру, жылумен қамту және кәріз жүйелерін қайта жарақтандыру жұмыстарын жүргізумен қатар, сейсктестік балансындағы су желісі, су айдау станциясы, жылу қазандығы, жылу желілері уақытымен жөндеуден, тұрақты тексерістен өткізіп тұрады.

«Мекеменің өткен жылғы қызмет көрсету және қаржылық көрсеткіші ойдағыдай болды. 2019 жылды 59 млн табыспен қорытындыладық. Биыл бірінші тоқсанда 3 млн 347 мың табыс таптық . Елде қиын жағдай қалыптасып, пандемиялық карантиннің тоқтау шегін болжау мүмкін болмағандықтан экономикалық жағынан құлдырауға әкеліп жатқаны рас. Өткен айдан бастап барлық жылжымалы құрам тоқтады. Сонымен қатар біздің қызметімізге жүгініп отырған бюджеттік мекеме, балабақша, мектеп, тамақтану орындарының жұмысы да тоқтап тұрғаннан кейін жұмыс көлемі де кеміді. Сондықтан жыл соңында жақсы көрсеткішке жету үшін қосымша кіріс көзін іздеп, жаңа тендерлерге қатысып, жаңа тапсырыстармен жұмыс жасауға кірісіп жатырмыз»,– дейді Әзберген Тәнімов.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

ВАГОН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖАЗҒЫ ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Төтенше жағдайдан кейін теміржол көлігімен жолаушылар тасымалы қайта жолға қойылмақ. Осыған байланысты жер жерде вокзалдар мен жолаушы вагон деполарында қызу дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Сондай жұмыстар «Вагонсервис» АҚ Маңғыстау телімінде де жүруде. Мекеме бастығы Нұржан Жұбанысовтың мәліметінше, олар сәуір айының бірінші күнінен жазғы тасымалға дайындық жұмыстарына кіріскен. Жоспар бойынша 1 сәуірден мамыр айының соңына дейін жазғы дайындыққа барлығы 78 вагон ТО-2 жөндеу түрінен өтуі керек. Оның ішінде 71 вагон «Жолаушылар тасымалы» АҚ Батыс аймақтық филиалына қарасты болса, 6 вагон «Сарыарқа» ЖШС-не, тағы 1 вагон қалааралық тасымалына тиесілі. Мамырдың 17-не дейін Батыс филиалы паркінің 62 вагонына барлық қажетті жөндеу, маусымдық ауыстыру, жаңарту жұмыстары жасалып, жазғы тасымалға толық дайын болған. Тағы екі вагонға ТО-2 жұмыстары жасалуда. Ал «Сарыарқа» мен қалааралық тасымалының вагондары әлі кезек күтіп тұр екен. Сондай ақ, вагондарды жаз маусымына әзірлеу барысында ТО-3 жөндеу түрін де сәуірмамыр айларында жалпы 34 вагонға жасау межеленген. Өткен айда Жолаушылар тасымалының 6 вагоны жөнделіп, осы айда тағы 17 вагонға сол ТО-3 бойынша қажетті қызметтер көрсетіліп, қазір олар да жолға шығуға толық дайын болған. Мұндай қызмет сондай-ақ, «Сарыарқа» ЖШС-нің жоспарлаған екі вагонынан біреуіне және қалааралық тасымалға арналған 2 вагонға жасалған.

Вагондарды жазғы жұмыс тәртібіне ауыстырып, бүлінген, бұзылған жерлерін ретке келтіру, жалпы жазғы маусымға дайындау жұмыстарына барлығы 48 адам жұмылдырылған. Соның ішінде ТО-2 жұмыстарымен 38 адам айналысуда. Ал ТО-3 жөндеу жұмыстарын атқаруға мекеменің 10 жұмысшысы тартылған.

– Бүгінде жолаушылар вагондарының дені жазғы тасымалға дайын деуге болады. Соңғы бірнеше вагонның аздаған жұмыстары қалды. Жолға шығуға рұқсат деген күннен аттанып кетуге дайын тұр. Бастан аяқ тексеріліп, қандай қызмет көрсету керек болса барлығы жасалды. Іші сырты жуып тазартылып, дезинфекциядан өтіп, астындағы жүріс бөлшектері түгел тексеріліп, тоқ жүйесі, желдету, салқындату құрылғылары қайта қаралып, ауыстыратын бөлшектері ауыстырылып, жаңартылды. Вагон ішінің сырылып, жыртылған, бүлінген жерлері қалыпқа келтірілді. Сырланатын жерлері сырланып, жабық терезелер ашылып, жуылып, барлық қажетті жұмыстар атқарылды,- дейді «Вагонсервис» АҚ Маңғыстау телімінің бастығы.

Сонымен қатар, телім бастығының айтуынша олар бүгінде әскерге шақырылушыларды алып кетуге арналған вагондарды да дайындауда екен. Бұл вагондар 18 мамырдан бастап жолға шығады деп күтілуде. «Алдымен бір құрам Маңғыстау-Өскемен бағытында Алматы арқылы кетеді, екінші құрам Маңғыстау-Өскемен, әрі қарай бірнеше вагон Қарағандыға барып келеді. 20 мамырда тағы біраз вагон Маңғыстаудан Алматыға бағыт алады. Оларға жолдан тағы да вагондар жалғанады. Біз қазір осы вагондардың көрсетілген мерзімде кедергісіз жол жүруі үшін барлық қажетті жұмыстарын жүргізудеміз», дейді телім бастығы.

Суретті түсірген автор

КАРАНТИН

АТЫРАУДАН ӘЗІР ПОЙЫЗ ЖҮРМЕЙДІ

Қазақстанның барлық өңірлерінде 1 маусымнан бастап еларалық пойыздар қатынасына рұқсат беріліп, билеттер 15 мамырдан сатыла бастады. Алайда, Атыраудан әзірге пойыз жүрмейді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Бұл ел бойынша пойыздың жүруіне рұқсат берілмеген жалғыз аймақ. Оның өзіндік себебі де бар. Өңірде, әсіресе Теңіз кенішінде соңғы уақытта коронавирус індетіне шалдыққандар саны көбейіп кетті. 23 мамырдағы есептеуге сәйкес олардың саны 857 адамды құрап отыр. Соған байланысты Атырау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №44 Қаулысымен Атырауда карантин шаралары 8 маусымға дейін ұзартылды, ол Мақат және Жылыой аудандарында да жалғасып отыр.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ Батыс филиалы, Атырау телімінің басшысы Әлмұқан Есқалиевтің айтуынша, пойыздар Атыраудан 14 маусымнан жүру болжамы бар, бірақ ол жөнінде басшылық тарапынан әзірге ешқандай арнайы нұсқау келмеген. Сондықтан одан әрі де созылуы мүмкін. Өңірден халықаралық пойыздар да жүріп жатқан жоқ, өйткені шекара жабық. Ал, ішкі қатынасқа келсек, Маңғыстаудан Астана, Алматы, Ақтөбе бағытына шығатын пойыздардың барлығы Атырау аумағынан Құлсары, Мақат, Сағыз станциялары арқылы өтеді. Алдын ала билет алған атыраулық жолаушыларға 1 маусымнан бастап ол пойыздарға аталған станциялардан мінуіне болады. Ал Атырау телімі қазіргі уақытта Теңіз кенішінің жұмысшыларын тұрғылықты жерлеріне тасымалдауды жалғастырып отыр.

Суретті түсірген автор

КӘСІБІ – НӘСІБІ

БЕЙНЕТ ТҮБІ – ЗЕЙНЕТ

Теміржолшы Ахметбек Дүйсенбаев қырық екі жыл бір жерде, бір қызметте еңбек етіп, зейнет жасына жетіпті. Жамбыл Жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Сарышаған станциясының ұжымы зейнет жасына жеткен пойыз құрастырушы Ахметқали Дүйсенбаевты құрметті демалысқа салтанатты жағдайда шығарып салды.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл



Ахметбек Сламқұлұлы осы Сарышағанда 1957 жылы 6 мамырда дүниеге келген екен. 1978 жылы осы станцияда пойыз құрастырушы болып еңбек жолын бастаған. Ағни, қырық екі жыл бойы тапжылмай тек осы кәсіпте еңбек еткен. Еңбек кітапшасына бір ғана жұмыс орны жазылған.

«Осы салада неше жыл еңбек етсем де, ісіме жауапкершілікпен қарадым. Талай қауіп-қатермен бетпе-бет келдім. Ізбасарларыма білгенімді үйретуден жалыққан емеспін. Әлі де көмек қажет болса ешкімнің бетін қайтармайтыным анық. Өйткені, менің өмірім тек теміржолмен тығыз байланысты болған соң тәжірибем де жеткілікті. Осы жерде туып-өстім, осы жолдың бойында қырық жыл өмірім өтті. Енді, міне осы жолдың бойына қырық жылдан аса ұмырымды арнап, зейнет демалысына кетіп барамын, демек сонша жылғы бейнеттің зейнетін де көру керек шығар», – деп ағынан жарылды А.Дүйсенбаев.

Ал Сарышаған станциясының басшысы Руслан Таңатаров Ахметқалидың жұмысынан осынша уақытта бірдебір мін табылмағанын айтады. Тіпті, ешқандай төтенше оқиғаға себепкер болмаған.

«Жұмысына тиянақты, ісіне байыпты, ұқыпты болды. Тапсырманы екі етпеген. Қай іске де жауапкершілікпен қарады. Қаншама жастарды тәрбиеледі, тәжірибесімен бөлісті. Пойыз құрастырушы деген қозғалыспен тікелей байланысты өте ауыр жұмыс. Травматикалық жұмыс. Өйткені, вагондарға жармасып, оларды бір-біріне қосып-ажырату оңай емес. Қыстың суығында тоңып, жаздың ыстығына күйіп жүріп қызмет атқарады. Біздің Арқаның қысы көпке белгілі, қытымыр аяз, жазы – шіліңгір ыстық. Осындай жұмыста Ахметқали секілді табаны күректей қырық екі жыл еңбек ету деген – ерлік», – деді Руслан Таңатарұлы.

Ал мұндағы пойыз құрастырушылар тек Сарышағанда ғана емес, он шақырым қашықтықтағы Көктас станциясында да жұмыс істейді екен. Бір тепловоз бен бір пойыз құрастырушы екі аралықта жүруі тиіс. Демек, екі станцияға да қызмет етеді. Сарышағандағы шаруасын тындырып Көктасқа барады, Көктастағы жұмысын бітіріп, Сарышағанға келеді. Бұл жолдан Ахметқали да сан мәрте өткен.

Айта кетерлігі, қырық екі жыл бойы бір орнында тапжылмай еңбек еткен азаматтың жары Гүлнар Дүйсенбаева да осы станцияда көп жылдар қызмет етіп, бес жыл бұрын ғана зейнетке шыққан екен.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК

ДАБЫЛ ҚАҒУҒА ТУРА КЕЛЕДІ

Былтыр және биылғы жылдың басынан бері еліміздегі темір жол өткелдерінде пойыздар мен автокөліктердің бірнеше рет соқтығысу оқиғасы болды. Қауіпсіздік шараларын сақтамау салдарынан болған сол апаттар кезінде адамдар опат болып, кейбірі түрлі дәрежедегі жарақаттар алғаны да жасырын емес.

Бұл сонымен қатар локомотивтерге де залал келтіріп, жолаушылар мен жүк пойыздары өз кестесінен кешіккен. Қысқасы, кісі өліміне қоса, моральдық және материалдық шығын орын алған. Осыған орай Шу жол дистанциясы ұжымы өз телімдеріне қарасты темір жол өткелдерінде көлік жүргізушілері мен автокөлік мекемелерін, теміржол маңайындағы тұрғындар мен оқу орындарында түсіндіру жұмыстарын күшейткен.

– Темір жолға жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындары, автокөліктердің жүргізушілері темір жолдан арнайы белгіленген жерден ғана өтіп, сақтықты бұрынғыдан да арттыруы керек болып отыр. Әрі жол қауіпсіздігін қатаң сақтау қажеттілігін бүгінде каникулға шыққан балаларға да ұдайы ескертіп отыру қажет. Автокөлік жүргізушілері, темір жол өтпелерінен өтерде жолда ешқандай да жылжымалы құрамның жоқтығына әбден көз жеткізіп алғаннан кейін ғана өтуі қажет екенін ескертумен келеміз. Темір жол өткеліндегі аншлагты, жарық және дыбыс белгілерін, шлагбаумды және өткел кезекшісінің ескертуін басшылыққа алып, орындауды ескертеміз. Ал тұрғындарға айтарымыз - жайылымдағы мал темір жолдан кем дегенде 300 метр қашықтықта болуы тиіс. Ал малды белгіленген немесе арнайы өтпелер мен темір жол астындағы көпірлерден ғана айдап өтуді ескертеміз, - дейді Шу жол дистанциясы бастығының орынбасары Дәулетбек Жолдасбаев.

Мамандар осы талаптарды орындау арқылы пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, адамдар өмірінің сақталуына, жолаушылар мен халық шаруашылығы жүктерінің межелі жеріне аман-есен жетуіне үлес қосылатынын айтады.

Бұған қоса жолшыларды темір жол телімдеріндегі пойыздардың мал басу фактілері азаймауы алаңдатады. Малдың жол үстіне жиі шығуына байланысты жүк және жолаушылар пойыздары кідіріп, кестесінен жаңылуда.

Пойыздардың мерзімінен кеш қалмай, белгіленген уақытта межелі жеріне жетуі үшін олар бір ретпен қозғалуы қажет. Ірі қара малдың пойызға басылуы жылжымалы құрам жүрісіне қауіп төндіріп, кідіруіне әкеледі. 2019 жылы Шу жол дистанциясының телімдерінде малдың жолға шығып кетуіне байланысты локомотив машинистері 11 рет оқыс тежеу беруге мәжбүр болған. Алайда олар осы жағдайлардың бәрінде де малды қағып кеткен. Себебі арақашықтық тым жақын болған. Мұндай жағдайлар жолаушы құрамы болса тіпті қауіпті, біріншіден оқыс тоқтаған вагонда жолаушылардың құлап, жарақат алу ықтималдығы жоғары, жүк құрамы болған күнде де жүктердің соқтығысуына жол берілуі мүмкін, бүлініп, құртылуына әкеп соғады, тіпті вагон аударылып кетуі де ықтимал. Ал оның зардабы шаш етектен екені айтпаса да түсінікті.

Шу жол дистанциясы негізінен Шу, Мойынқұм, Қордай аудандарының аумағында орналасқан жалпы ұзындығы 468,7 шақырым темір жолды қадағалап отырады. Жүздеген шақырымдарға созылып жатқан темір жолды малдан толық қоршап- қорғау бүгінгі күні мүмкін емес. Бағусыз, қараусыз жүрген малдардың темір жолға шығып кету фактілері әсіресе Көктөбе, Еспе, Шоқпар, Хантау, Жиделі станцияларының аралығында көбейіп кетіпті. Аталған аумақтарда мал қағу оқиғалары әсіресе түнгі уақытта орын алады. Бұл темір жолдың бойында орналасқан ауылшаруашылық қожалықтарының салғырттығының кесірінен болып отыр. Оған қоса станция тұрғындары да малын таң атысымен өріске шығарып жіберіп, оның күні бойы қайда жүргенін қарамайды. Қараусыз мал темір жолға шығады. Осы жауапсыздықты жою мақсатында жыл сайын темір жол бойындағы және оған жақын елді мекендерде жол дистанциясының мамандары мал иелерімен «Темір жол төсемінің маңайында мал бағу ережелері» атты темір жолдағы қауіпқатер мен қауіпсіздік қағидаттары туралы үгіт-насихат, тәрбие беретін түсіндіру іс-шараларын дәстүрге сай жүргізуде. Талай рет мал бағу ережесін бұзған фактілер желілік полиция бөлімшесіне берілген. ҚР ӘҚбК-ның 559 б. 1б. бойынша 11 мал иесі анықталып, әкімшілік жазаға тартылды.

Алайда соған қарамастан бағусыз, қараусыз жүрген малдың темір жолға шығып кетуі жылдан-жылға азаяр емес. Сондықтан бұл дабыл қағарлық мәселе болып отыр.

Ұлан ОРАЗ

ИНТЕРВЬЮ

ҚТЖ: ВЫХОД ИЗ ДОЛГОВОЙ ЯМЫ

Одним из самых актуальных вопросов для АО «НК «ҚТЖ» на протяжении последнего времени – сокращение долга. В компании и сейчас, во время пандемии, продолжается кропотливая работа по стабилизации финансовой ситуации. О том, какие на сегодняшний день достигнуты результаты в этом направлении и какие еще планируются меры по обеспечению финансовой устойчивости компании рассказывает заместитель председателя правления по финансам АО «НК «Қазақстан темір жолы» Даир Кушеров.

ВРЕМЯ ПОТУЖЕ ЗАТЯНУТЬ ПОЯСА

– Насколько повлияла пандемия на финансовое состояние АО «НК «ҚТЖ»?

– В связи с карантином с 1 апреля полностью были остановлены пассажирские перевозки, возмещена стоимость по приобретенным билетам. Естественно, до последнего времени отсутствовали поступления денег от пассажирских перевозок. При этом по тарифному грузообороту за 4 месяца этого года, в сравнении с аналогичным периодом прошлого года, наблюдается небольшой рост в 2%, в основном за счет транзита, который вырос на 32%.

При этом ослабление курса национальной валюты в марте текущего года привело к отрицательному финансовому результату за 4 месяца с начала года, главным образом за счет курсового убытка от валютной задолженности.

Компания своевременно отреагировала на возникшую ситуацию, провела оптимизацию расходов и капитальных вложений. 10 апреля утвержден Советом директоров ҚТЖ скорректированный бюджет компании на 2020 год с учетом влияния коронавируса, изменения курса национальной валюты, а также оптимизации затрат. К примеру, операционные затраты сокращены на 43 миллиарда тенге, финансирование капитальных вложений оптимизировано на 31 миллиард тенге.

– В первую очередь от ЧП пострадали пассажирские перевозки. Каким способом АО «НК «ҚТЖ», как материнская компания, собирается поддерживать свою дочку в трудное время?

– В связи с вводом чрезвычайного положения и проведением санитарно-эпидемиологических мероприятий в Республике Казахстан с 16 марта нынешнего года было введено ограничение, а с 1 апреля приостанавливалось железнодорожное пассажирское движение. За 4 месяца пассажирооборот снизился на 36% к факту 2019 года.

Ввиду снижения пассажирооборота ожидается и существенное сокращение выручки. Вместе с тем, существенную поддержку намеревается оказать государство. Предполагается, что будет сохранен текущий объем субсидий, так что в период вынужденного простоя будет предоставлена возможность покрывать затраты по фонду оплаты труда и социальным отчислениям за счет выделенных субсидий. Кроме того, для обеспечения финансовой устойчивости АО «Пассажирские перевозки» проводится работа по переносу сроков проведения тендеров на закуп услуг и материалов, ремонт вагонов на более поздний период. Но все постепенно нормализуется. Благодаря совместной работе с уполномоченными государственными органами стало возможным возобновление движения пассажирских поездов с 1 июня.

КОМПЛЕКС МЕР ПОМОЖЕТ

– Как АО «НК «ҚТЖ» планирует обеспечить финансовую устойчивость компании? Повлияла ли пандемия на дальнейшую финансовую стратегию компании?

– Мы уже обсудили влияние пандемии на финансовое состояние компании и меры, предпринимаемые для ее минимизации. Что касается финансовой устойчивости компании, то здесь по-прежнему основной проблемой является высокий валютный риск. На конец первого квартала 2020 года сумма общего долга ҚТЖ составляет 1,85 триллиона тенге, или 4,4 миллиарда долларов, из них долг в «твердой» валюте –1,7 миллиарда долларов (729 млрд тенге по текущему курсу). При том, что производственные показатели и в прошлом году, и в I квартале имеют положительную динамику, финансовый результат отрицательный. Только в марте текущего года курсовой убыток ҚТЖ составил 109 миллиардов тенге.

